

Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 30 желтоқсандағы № 20/163 "2018 – 2020 жылдарға арналған Боранқұл ауылының бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 2018 жылғы 21 желтоқсандағы № 29/238 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 28 желтоқсанда № 3764 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Бейнеу аудандық мәслихатының 2018 жылғы 30 қарашадағы №27/231 "Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 26 желтоқсандағы №20/156 "2018-2020 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №3723 болып тіркелген) шешіміне сәйкес, Бейнеу аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 30 желтоқсандағы №20/163 "2018-2020 жылдарға арналған Боранқұл ауылының бюджеті туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №3518 болып тіркелген, 2018 жылғы 26 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. 2018-2020 жылдарға арналған Боранқұл ауылының бюджеті сәйкесінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2018 жылға келесідей көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 43 235,0 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша – 257 93,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша - 4 102,0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша - 0 теңге;

трансферттердің түсімдері бойынша - 13 340,0 мың теңге;

2) шығындар – 43 235,0 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 0 теңге:

бюджеттік кредиттер - 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 теңге:

қаржы активтерін сатып алу - 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - 0 теңге;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 0 теңге;
 қарыздар түсімі - 0 теңге;
 қарыздарды өтеу - 0 теңге;
 бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары - 0 теңге.";

2 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Аудандық бюджеттен 2018 жылға Боранқұл ауылы бюджетіне 13 340,0 мың теңге сомасында субвенция бөлінгені қаперге алынсын.";

көрсетілген шешімнің 1 – қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Бейнеу аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (Ж.Оспанов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіде ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Әбілшеевке жүктелсін.

4. Осы шешім 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілсін.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

М.Қырымқұлов

А.Ұлұқбанов

Бейнеу аудандық мәслихатының

2018 жылғы 21 желтоқсандағы

№29/238 шешіміне қосымша

2018 жылға арналған Боранқұл ауылының бюджеті

Санаты			Сомасы, мың теңге
Сыныбы			
Кіші сыныбы			
Атауы			
		1.Кірістер	43 235,0
1		Салықтық түсімдер	25 793,0
01		Табыс салығы	14 668,0
	2	Жеке табыс салығы	14 668,0
04		Меншікке салынатын салықтар	11 125,0
	1	Мүлікке салынатын салықтар	274,0
	3	Жер салығы	121,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	10 730,0
2		Салықтық емес түсімдер	4 102,0
01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	623,0
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	623,0
06		Басқа да салықтық емес түсімдер	3 479,0

	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	3 479,0
4		Трансферттердің түсімдері	13 340,0
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	13 340,0
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	13 340,0
Функционалдық топ			
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Сомасы, мың теңге
	Бағдарлама		
	Атауы		
		2. Шығындар	43 235,0
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	33 549,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	33 549,0
	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	33 549,0
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	9 686,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	9 686,0
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 500,0
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	440,0
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	7 746,0
		3. Таза бюджеттік кредиттеу	0,0
		Бюджеттік кредиттер	0,0
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0,0
		4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
		Қаржы активтерін сатып алу	0,0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
		5. Бюджет тапшылығы (профициті)	0,0
		6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0,0
		Қарыздар түсімі	0,0
		Қарыздарды өтеу	0,0
		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0,0